«KazakhExport»ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «9» шілдедегі № 5
хаттамасына № 7 қосымша

««KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «9_» _ шілдедегі № 5
хаттамасымен бекітілді»

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандырудың қағидалары

(23.12. 2022 жылғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып (№14 хаттама)

Астана қ., 2022 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандырудың қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату
«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:	

Мазмұны

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандырудың қағидалары 1
Мазмұны 3
1-тарау. Жалпы ережелер.....4
2-тарау. Сақтандыру объектісі.....6
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары 6
4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу.....7
5-тарау. Кепілдіктер 8
6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....9
7-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны.....10
8-тарау. Сақтандыру сомасының көлемін айқындау тәртібі 10
9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы.....10
10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....11
11-тарау. Мониторинг 13
12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары 13
13-тарау. Сақтанушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайы орын алған кездегі іс-әрекеттері 14
14-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі 14
15-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары 15
16-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі 16
17-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары.....17
18-тарау. Суброгация 18
19-тарау. Қосымша шарттар 18
20-тарау. Дауларды шешу тәртібі.....18

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың талаптары бойынша «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымның сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.

3. Сақтандыру қорғанысы қолдау көрсету Сақтандырушының Жарғысында көзделген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жүзеге асырылатын Экспорттаушылармен Келісімшарттарды орындау мақсатында Кредиттік ұйым берген шетелдік контрагенттердің қарыздары бойынша ғана ұсынылады.

4. Осы Қағидалардың мақсаты Кредиттік ұйымды осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген жағдайлардың туындау тәуекелдерінен сақтандырудың үлгілік шарттарын айқындау болып табылады.

5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

Шартсыз франшиза- сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде өтелуге жатпайтын, Сақтандыру шартында белгіленген сома. Шартсыз шегерім мына формулаға сәйкес есептелетін абсолютті мөлшерде белгіленеді:

X = Y * K, мұндағы

X - шартсыз франшиза мөлшерінің абсолютті мәні;

Y - мәлімделген шығын мөлшері;

K - мәнін Сақтандырушының уәкілетті органы бекітетін Пайда алушы ұстап қалатын тәуекел коэффициенті;

1) **Пайда алушы**- Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын Кредиттік ұйым. Пайда алушыны оның сақтанушымен келісімінен туындайтын Сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде талап қойғаннан кейін басқа тұлға алмастыра алмайды;

2) **Мемлекеттік орган** – Конституциямен, заңдармен, өзге де құқықтық нормативтік актілермен мемлекет атынан мынадай функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме:

– жалпыға міндетті тәртіп қағидаларын айқындайтын актілерді шығару;

– әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару және реттеу;

– мемлекет белгілеген жалпыға міндетті тәртіп қағидаларының қадағалануын бақылау;

3) **Сақтандыру шарты** - Сақтандырушы, Сақтанушы (шетелдік контрагент) және Пайда алушы (Кредиттік ұйым) арасында жасалатын және Пайда алушының (Кредиттік ұйымның) пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін шетелдік контрагентті қаржыландыру кезіндегі Кредиттік ұйымның сақтандыру шарты;

4) **Шетелдік контрагент** -сатып алушы, Тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы; Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Кредиттік ұйыммен кредиттік шарт жасасқан қарыз алушы;

5) **Келісімшарт**- Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасындағы қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспортына арналған жазбаша келісім;

6) **Кредиттік лимит**- Сақтандырушы шетелдік контрагент үшін жеке белгілейтін сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде белгілі бір күндегі жағдай бойынша сақтандырылған экспорттық кредит бойынша берешектің рұқсат етілген ең жоғары мөлшерінің сомасы;

7) **Кредиттік ұйым**- Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, шетелдік банктер, кредиттік шартқа сәйкес шетелдік контрагентке қарыз (қаржыландыру) беретін халықаралық қаржы ұйымдары;

8) **Кредиттік шарт** – Кредиттік ұйым мен Шетелдік контрагент арасындағы шарт, оның талаптарына сәйкес Кредиттік ұйым Шетелдік контрагентке Кредиттік шартта көзделген көлемде және шарттарда қарыз (қаржыландыру) беруге міндеттенеді, ал Шетелдік контрагент алынған қарызды (қаржыландыруды) уақтылы қайтаруға және ол бойынша сыйақыны және/немесе басқа да шығыстарды төлеуге міндеттенеді;

9) **Міндеттемелерді тиісінше орындау** - міндеттемені тиісті тұлғалар тиісті нысанмен, тиісті жерде, тиісті тәсілмен және тиісті мерзімде орындауға тиіс дегенді білдіреді. Өзге жағдайларда міндеттемелердің орындалмауы (тиісінше орындалмауы) орын алады;

10) **Қамтамасыз ету**- кепіл, кепілдік, кепілгерлік және тиісті шарттар негізінде ресімделген және Сақтандыру шартында көрсетілген Кредиттік шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің өзге де түрлері;

11) **Негізгі борыш** - қарыз бойынша есептелген сыйақыны есепке алмағанда, Кредиттік ұйым Шетелдік контрагентке Кредиттік шарт бойынша қарыз (қаржыландыру) ретінде берген ақшаның нақты сомасы;

12) **Күту кезеңі** - осы Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі, бұл кезең аяқталғаннан кейін Сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі. Күту кезеңі Сақтандырушы Сақтанушыдан немесе Пайда алушыдан Сақтандыру жағдайы туралы хабарландыру алғаннан кейін келесі күні басталады;

13) **Шетелдік контрагент елі** - заңнамасына сәйкес Шетелдік контрагент құрылған (тіркелген) шет мемлекет;

14) **Кредиттік ұйымның елі**- заңнамасына сәйкес Кредиттік ұйым құрылған (тіркелген) мемлекет;

15) **Транзит елі**- қазақстандық тауарлар осы мемлекет органдарының кедендік бақылауымен өткізілетін шет мемлекет;

16) **Сақтанушы**- Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан Шетелдік контрагент.

17) **Сақтандыру төлемі**- шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақшалай сома. Сақтандыру төлемі валютасының түрі Сақтандыру шартында айқындалады;

18) **Сақтандыру мүддесі**- бұл Сақтанушының тәуекелдерді болдырмауға және Сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеуге деген мүліктік мүддесі;

19) **Сақтандыру сыйлықақысы** - Сақтандырушы Сақтандыру шартында айқындалған талаптарда және мөлшерде Сақтанушыға Сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақшалай сома; Сақтандыру сыйақысы валютасының түрі Сақтандыру шартында айқындалады;

20) **Сақтандыру сомасы**- сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу кезеңінде Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушының шарт бойынша жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома. Сақтандыру сомасы валютасының түрі Сақтандыру шартында айқындалады;

21) **Сақтандыру жағдайы**- орын алған кезде Сақтандыру шартында Сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

Қағидалардың 5-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес 22-1) тармақшамен толықтырылды (№14 хаттама)

22-1) Сақтандыру оқиғасы- нәтижесінде Пайда алушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

22) **Шығын**- Сақтанушының Кредиттік шарт бойынша Негізгі борышты өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан туындайтын Пайда алушының залалы. Залал анықтамасына Сақтанушының Пайда алушы алдында жіберіп алған пайданы өтеу (төлеу) бойынша берешегінің; тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар; есептелген және мерзімі өткен сыйақылар, комиссиялар және Кредиттік шартта көзделген өзге де осыған ұқсас төлемдер; моральдық залал; сот шығасыларының, оның ішінде Кредиттік шарт бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алуға; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өндіріп алуға сотқа органдарына жүгінуге байланысты сот шығасыларының туындауы кірмейді.

23) **Экспорттаушы**- қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

24) **Экспорттық жеткізу**-Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасында жасалған Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырған тауарды жөнелту, жұмысты орындау, қызметті көрсету.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

6. Сақтандыру объектісі заңнамада және Кредиттік шартта белгіленген тәртіппен Сақтанушының Кредиттік шарт бойынша Негізгі борышты өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамауына (тиісінше орындамауына) байланысты туындаған залалды Пайда алушыға өтеу міндетіне байланысты Пайда алушының мүліктік мүддесі болып табылады.

3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

7. Сақтандыру жағдайы осы тарауда және Сақтандыру шартында айқындалған және осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында тізімделген жағдайлардың салдарынан залал келтірген оқиғаның басталу фактісі болып табылады.

8. Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

1) транзит елінің, не экспорттық жеткізілім тағайындалған елдің, не шетелдік контрагент елінің экспроприациялау, тәркілеу, тауарға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге меншік құқығын шектеу жөніндегі мемлекеттік органының әрекеті, экспорттаушыға меншік құқығында тиесілі не шетелдік контрагент төлеген экспорттық жеткізілім шеңберінде тауарға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге талап қою құқығын шектейтін орындалған жұмыстың нәтижесі;

2) экспорттаушы келісімшарт бойынша экспорттық жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындаған не шетелдік контрагентке кредиттік шарт бойынша негізгі борышты төлеуді немесе өтеуді жүргізуге шектеу қоятын немесе тыйым салатын жағдайда экспорттық жеткізуді тағайындаған елдің мемлекеттік органының экспорттық жеткізуді шектейтін немесе оған тыйым салатын күтпеген әрекеті;

3) шетелдік контрагент елінің мемлекеттік органының Кредиттік шарт бойынша Негізгі борышын өтеу үшін еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлем аударуды шектейтін немесе оған тыйым салатын күтпеген әрекеті.

4) соғыс; келісімшарт бойынша экспорттық жеткізу жөніндегі міндеттемелерді

орындауға кедергі келтіретін немесе шетелдік контрагенттің кредиттік шарт бойынша негізгі борышты төлеу немесе өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі азаматтық толқулар, жаппай сипаттағы тәртіпсіздіктер.

9. Коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

1) Шетелдік контрагенттің банкроттығы және (немесе) таратылуы.

2) Кредиттік шартқа қосымша болып табылатын өтеу кестесіне сәйкес Шетелдік контрагенттің өзіне қабылдаған Негізгі борышты өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамауы (тиісінше орындамауы).

10. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде тізімделген барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның орын алуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі залалдар көлеміне қатысты болжанбайтындығы;

3) Тараптары немесе, ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде орын алу мүмкіндігі тәуекелінің болмауы;

4) оқиғаның орын алуы Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға ие;

5) оқиғаның орын алуы Сақтанушының ерік білдіруіне және (немесе) пиғылына байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтысқа ие болу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.

4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу

11. Егер сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, сақтандыру қорғауымен мынадай жағдайлардың нәтижесінде туындаған залалдар өтелмейді:

1) Сақтанушының немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себептік байланыста болатын қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының немесе Пайда алушының іс-әрекеттері;

3) Сақтанушының немесе Пайда алушының Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамауы,

4) Сақтанушы және/немесе Пайда алушы келіскен және ол бойынша жауапты болған шетелдік контрагент елінің немесе кредиттік ұйым елінің мемлекеттік органының іс-әрекеттері;

Қағидалардың 11-тармағының 5) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

5) Шетелдік контрагент елінен Пайда алушыға ақшалай қаражатты аударуға және айырбастауға Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталатын күнге дейін немесе Сақтандыру шартын кейіннен ұзарту мерзімі болатын күнге шектеулердің болуы;

6) радиацияның және/немесе радиоактивті зақымдану, ядролық қаруды пайдалану, уытты заттарды қолдану немесе олардың ағып кетуінің тікелей немесе жанама әсері;

7) Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі және Француз Республикасы сияқты бес мемлекеттің кез келгені арасындағы соғыс (соғыс қимылдары басталғанға дейін немесе одан кейін тәуелсіз);

Қағидалардың 11-тармағының 8) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

8) Сақтандыру шартын жасасу күніне немесе оны одан әрі ұзарту мерзіміне орын

алған шетелдік контрагент елінің немесе кредиттік ұйымның Мемлекеттік органының Сақтанушыға қатысты іс-әрекеті;

9) Сақтанушының немесе Пайда алушының Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы, сондай-ақ Сақтанушының немесе Пайда алушының Сақтандырушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін сақтандыру объектісі, оның ішінде оның мақсатты пайдаланылуы, экспорттаушы, сақтандыру тәуекелі, Сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы кез келген елеулі фактілерді, жайттарды және/немесе талаптарды жасыруы;

10) Сақтанушының немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту бойынша шараларды қасақана қолданбауы;

11) сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

12) Пайда алушының Сақтандыру жағдайының орын алуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға Сақтанушыдан талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;

13) Пайда алушының мемлекеттік органнан, кепілгерден немесе кез келген басқа мекемеден тиісті залалды толық мөлшерде өтеуі;

14) Сақтанушының немесе Пайда алушының осы Қағидалардың 5-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді қадағаламауы;

15) коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасы басталған кезде Кредиттік ұйымның шетелдік контрагентпен немесе экспорттаушымен немесе шетелдік контрагенттің экспорттаушымен үлестесуі;

16) заңнамада белгіленген тәртіппен Кредиттік шартты жарамсыз деп тану;

17) қарыз беруге байланысты емес қызметтерді ұсыну;

18) сақтандыру шарты күшіне енгенге дейін залалдардың пайда болуы немесе сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін залалдардың анықталуы;

19) Сақтанушының немесе Пайда алушының заңсыз әрекеттері;

20) осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген және сақтандыру шартында көрсетілмеген оқиғаларға байланысты емес, басқа оқиғалар.

12. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге ерекшеліктер және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

5-тарау. Кепілдіктер

13. Сақтанушы мен Пайда алушы мынаған кепілдік береді және келіседі:

1) олар Сақтандыру шартын жасасу күніне Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру жағдайына алып келуі мүмкін қандай да бір талаптарды, шарттарды немесе оқиғаларды білмейді және Сақтанушы ұсынған барлық ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады және ешқандай маңызды ақпарат жасырылмаған;

2) Кредиттік ұйым мен Шетелдік контрагент арасындағы барлық шарттар келісімшартты орындау кезінде сақталуы тиіс заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне толық сәйкес жүзеге асырылды;

3) олар сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезінде барлық жауапкершілікпен және сақтандыру шартын жасамаған жағдайдағыдай әрекет етеді және залалды болдырмау, азайту және/немесе өтеу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайтын болады, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей:

– Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін және/немесе кейін соңғының барлық қолжетімді болуы мүмкін ықтимал арналар, оның ішінде дипломатиялық, заңды, әкімшілік, бейресми арналарды қолдануын қамтамасыз етеді;

– валюта айырбастау және ақша аудару бойынша барлық шараларды қабылдайды;

– Сақтандырушының келісімінсіз кез келген залалға немесе ықтимал залалға қатысты

қандай да бір ымыралы шарттар жасасуға жол бермейді;

– жазбалар мен құжаттарға, сондай-ақ куәларға қолжетімділікті қоса алғанда, сақтандыру оқиғасын тергеуге барынша жәрдемдеседі;

4) Кредиттік ұйым және/немесе Шетелдік контрагент талап етілетін лицензияларды немесе рұқсаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдады немесе қабылдайды және барлық шараларды уақтылы қабылдайды және кез келген жаңа лицензиялық немесе рұқсат беру талаптарын сақтау үшін осындай лицензияларды немесе рұқсаттарды алу, ұзарту, жаңарту немесе түзету үшін, егер жоғарыда аталған лицензиялар немесе рұқсаттарды алу міндетті болып табылса, барлық құжаттарды ұсынады;

5) олар Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес әрекет етеді және әрекет етуін жалғастыратын болады;

6) ол Сақтандырушыны алдын ала хабардар етпей және оның келісімінсіз Келісімшартқа, Кредиттік шартқа сондай-ақ Сақтандыру шартына елеулі өзгерістер әкелуі мүмкін қандай да бір іс-әрекеттер қабылдамайды.

14. Сақтанушы құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді, яғни ол қандай да бір уақытта Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз, қандай да бір үшінші тарапқа сақтандыру шартының болу фактісін ашпайды.

15. Сақтандыру шартында қосымша кепілдіктер мен ерекше талаптар көзделуі мүмкін.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

16. Сақтанушының сақтандырушы белгілеген нысан бойынша мәлімдемесі және оған қоса берілетін құжаттар сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

Қағидалардың 6-тарауы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес 16-1-тармақпен толықтырылды (№14 хаттама)

16-1. Сақтандыру шарттары тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

17. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуы керек:

1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) сақтанушының (егер жеке тұлға болып табылса) тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және тұрғылықты жері немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер заңды тұлға болып табылса);

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру жағдайын көрсету;

5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;

6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;

7) шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі;

8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болып табылса, сақтандырылушы және пайда алушы туралы нұсқаулар;

9) шарттың нөмірі, сериясы;

10) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

11) сақтанушының өзіне белгілі болған, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті;

12) сақтанушыны немесе сақтандырылғанды сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;

13) сақтандыру сомасы валютасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының түрі;

14) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және сақтанушы экономикасының

секторын көрсету;

15) сақтандыру шартында сақтандырылған тұлға (пайда алушы) көрсетілген жағдайда, егер сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;

16) шартсыз франшиза туралы талап;

17) сақтандыру мүддесі.

18. Сақтанушы мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Пайда алушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының атқарушы органының шешімі бойынша осы Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

19. Сақтанушы немесе Пайда алушы сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда сақтандырушы сақтанушының немесе Пайда алушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

7-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

20. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал бөліп төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

21. Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 18-тарауына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.

22. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

23. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

8-тарау. Сақтандыру сомасының көлемін айқындау тәртібі

24. Сақтандыру сомасы Кредиттік шарт бойынша Негізгі борышты өтеу жөніндегі міндеттемелерді Шетелдік контрагенттің орындамауы (тиісінше орындамауы) немесе Шетелдік контрагенттің банкроттығы нәтижесінде Кредиттік ұйым ұшырауы мүмкін шығындар сомасы шегінде Тараптардың келісімімен белгіленеді.

9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

Қағидалардың 25-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

25. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру сомасына қолданылатын және Сақтандырушы айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

26. Сақтандыру сыйлықақысының көлемі сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу арқылы сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

Қағидалардың 27 және 28-тармақтары Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

27. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру

жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге тиіс.

28. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлемеген жағдайда сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы сақтандырушы сақтанушыға және пайда алушыға хабарлайды.

29. ***Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес алынып тасталды (№14 хаттама).***

30. ***Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес алынып тасталды (№14 хаттама).***

31. ***Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес алынып тасталды (№14 хаттама).***

32. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлегенге дейін сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзса, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар.

33. Кезекті Сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген жағдайда сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және көлемде тұрақсыздық айыбын төлеуін талап етуге құқылы.

10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

34. Сақтанушы мынаған құқылы:

1) сақтандырушыдан осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;

2) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

3) Залалдың мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;

4) Залалдың көлемін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген Сақтандыру төлемі көлемінің есептерімен танысу;

5) Сақтандырушының Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның көлемін азайту туралы шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен даулау;

6) сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

35. Сақтанушы мынаған міндетті:

1) келісімшарт және (немесе) Кредиттік шарт талаптарының өзгеруін сақтандырушымен келісу;

2) осы Қағидалардың 5-тарауында және Сақтандыру шартында көрсетілген барлық шарттарға мүлтіксіз кепілдік беру және оларды орындау;

3) экспорт басталғанға дейін барлық талап етілетін лицензиялар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз ету;

4) Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын төлеу;

5) сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы, өзіне белгілі, сақтандыру шарты жасалғанға дейін және сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайының туындауына маңызды әсер етуі мүмкін жайттар мен талаптар туралы хабардар ету;

6) Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары Сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы оған белгілі болғаннан кейін, егер Сақтандыру шартында өзге мерзім белгіленбесе, Сақтандырушыға оның орын алғаны туралы дереу хабарлау;

7) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту шараларын қабылдау;

8) Сақтандыру жағдайының орын алуы салдарынан туындауы мүмкін Залал сомасына Шартсыз франшиза мөлшерінде қатысуға және сақтандырмауға немесе сақтандыру объектісі құнының сақтандыру қорғауымен жабылмайтын бөлігін беру;

9) сақтандырушыға сақтандыру шартын жасау және орындау үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсыну;

10) оның ішінде сақтандырушының нұсқауларына сәйкес сақтандыру оқиғасының орын алуын болдырмау және сақтандыру оқиғасы орын алған кездегі шығындардың көлемін барынша азайту, сондай-ақ шығындарды өтеу бойынша барлық шараларды жүргізу. Сақтанушы әрқашан сақтандыру шартымен қорғалмағандай әрекет етуге міндетті;

11) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы Сақтандырушыны хабардар еткеннен кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға Кредиттік шарт бойынша қандай да бір төлемді алған кезде жазбаша хабарлау;

12) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алғаннан кейін Сақтандырушының келісімінсіз қандай да бір келісім жасаспау;

13) Сақтандыру жағдайының (суброгация) орын алуы үшін жауапты субъектке талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету;

14) сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға сақтандыру шартының болу фактісін ашпау;

15) осы Қағидалардың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген оқиға болған кезде Кредиттік шарт бойынша жеке тиесілі төлемді арнайы банктік шотқа орналастыру.

36. Сақтандырушы мынаған құқылы:

1) Сақтанушыдан және Пайда алушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап ету;

2) шет мемлекеттің тиісті мемлекеттік органдарынан Сақтандыру жағдайының орын алу фактісін және Залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде шығын көлемін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының немесе бағалаушының қызметтерін пайдалану;

4) Кредиттік шарт бойынша кешіктірілген төлем туралы хабарлама алғаннан кейін шығынды азайту және қарыздарды өндіріп алу жөніндегі іс шараларға қатысу;

5) осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген негіздер бойынша Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту;

6) көрінеу жалған ақпарат берген немесе алынған төлем туралы хабарламаған жағдайда Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға немесе төленген соманы талап етуге құқылы емес;

Қағидалардың 36-тармағының 7) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

7) Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тоқтату;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау.

37. Сақтандырушы мынаған міндетті:

1) Сақтанушыны және Пайда алушыны Қағидалармен таныстыру және олардың талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсыну (жіберу);

2) сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

4) егер мұндай шығыстар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жүргізілсе және тиісті шаралар сәтсіз болса да, Пайда алушыға шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарды өтеу;

5) Пайда алушыны 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру төлемін жүзеге

асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету.

38. Сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

39. Пайда алушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап ету;

2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап ету.

40. Пайда алушы мынаған міндетті:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық жайттар туралы хабарлау;

2) сақтандыру шарттарын орындау;

3) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беру.

4) Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы мүмкін оқиғаның орын алғаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар ету;

5) Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін жасауға қажетті барлық құжаттарды ұсыну;

6) Кредиттік шарт бойынша берешекті өндіріп алу және реттеу жөніндегі барлық іс-әрекеттерді Сақтандырушымен жазбаша түрде келісу;

7) Сақтандыру жағдайының орын алуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету.

11-тарау. Мониторинг

41. Осы Қағидалар шеңберінде Сақтандыру арқылы қорғау жүзеге асырылатын Кредиттік шартта Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушының қарыз қаражатын мақсатты пайдалануына Пайда алушының мониторинг жүргізу және банктік, коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі талаптарды қадағалай отырып, Сақтанушыдан құжаттарды сұрату құқығын көздейтін талаптар қамтылуы тиіс.

42. Сақтандыру шартында Сақтандырушының жазбаша талабы бойынша Пайда алушының өзі куәландырған шарттардың, төлем тапсырмаларының және мониторинг мақсатында Сақтандырушы сұрататын кредиттік досьедегі өзге де құжаттардың көшірмелерін беру міндеттемелерін көздейтін талаптар қамтылуы тиіс.

12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

43. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Пайда алушы өзіне белгілі болған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

44. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды деп танылады:

1) кредитті (қарызды) нысаналы пайдалану талаптарын, қарыз сомасын және басқа да келісілген төлемдерді өзгерту, қарызды өтеу тәртібі мен мерзімдері, қолжетімділік кезеңі, сыйақы мөлшерлемесі, Кредиттік шарттың қолданылу мерзімі;

2) Кредиттік шарт, кепіл шарттары, кепілдік немесе кепілгерлік шарттары бойынша

тарапты ауыстыру;

3) Кредиттік шарт бойынша талаптардың, қамтамасыз ету нысанасының өзгеруі.

Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер ескертілуі мүмкін.

45. Пайда алушы осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген талапты орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалды өтеуін талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру төлемінің көлемін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға немесе Сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

46. Егер Сақтандыру жағдайының себебі осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген өзгерістер болып табылса және Пайда алушы олар туралы Сақтандырушыны осы Қағидалардың 44-тармағында көрсетілген мерзімде хабардар етпесе, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

13-тарау. Сақтанушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайы орын алған кездегі іс-әрекеттері

47. Сақтандыру жағдайының орын алғанын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға жүктеледі.

48. Егер Сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және/немесе оның салдарынан Сақтандыру жағдайы орын алса және/немесе Сақтандыру жағдайының орын алу тәуекелін ұлғайтатын жағдай мүмкін болса, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы:

1) ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін барлық шараларды қолдануы;

2) сақтандыру жағдайының орын алғанын растайтын құжаттарды алу үшін барлық шараларды қолдануы;

3) Сақтандыру шартында айқындалған мерзімде Сақтандырушыға хабарламаның жөнелтілген күнін айқындауға мүмкіндік беретін тәсілмен Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары Сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін кез келген оқиға туралы хабарлау, Сақтандырушыны істің барлық жайттарға қатысты қажетті ақпаратпен және құжаттамамен, атап айтқанда, осы оқиғаға тартылған тұлғалардың, оның ішінде талапкерлердің аттарын, атаулары мен мекенжайларын қоса алғанда, осы оқиғаға байланысты алынған ақпаратпен, құжаттармен қамтамасыз ету;

4) Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін жасауға қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

5) сақтандырушыға шығынның себептері мен көлеміне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беруі керек.

49. Сақтандырушы немесе оның өкілі Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының оқиғаның орын алғаны туралы хабарламасын күтпей-ақ, сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушы мен (немесе) Пайда алушы оған бұл жағдайда кедергі жасауға құқылы емес.

50. Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы сақтандыру жағдайы бойынша барлық ақпаратты хабарлауға және сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

14-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

51. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін Пайда алушының Сақтандыру төлемі туралы

өтініші және Сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізеді.

52. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды.

53. Егер Сақтандыру жағдайы туралы өтінішті тексеру кезінде Пайда алушыға келтірілген залал Сақтандыру жағдайының нәтижесінде болмағаны анықталса немесе уақтылы хабарламау салдарынан Пайда алушыда туындаған залалдың фактісін, себебін және/немесе осы залалдың көлемін анықтау мүмкін болмаса, сақтандыру жағдайы туралы акт жасалмайды. Бұл жағдайда сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы акт жасамау себептері көрсетілетін еркін нысандағы құжат жасайды.

54. Нәтижесінде залал келтірілген сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себебі Пайда алушы ұсынатын мынадай құжаттармен расталуы тиіс:

1) Сақтандырушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

2) Сақтандыру шартының көшірмесі;

3) Кредиттік шарттың көшірмесі;

4) Пайда алушының Сақтанушыға Кредиттік шарттың талаптарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, Сақтанушының Кредиттік шарттың талаптарына сәйкес залалды өтеу (төлеу) қажеттігі туралы жазбаша талабының (хабарламасының) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Сақтанушының Кредиттік шарт бойынша кредиттік берешегі туралы Пайда алушының анықтамасы;

6) Сақтандырушының тиісті талабы болған кезде кредиттік досьеден алынған материалдардың көшірмелері/нотариалды куәландырылған көшірмелері. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтандыру жағдайының орын алуы туралы өтінішті қарау үшін сақтандырушының пікірі бойынша қажетті құжаттардың белгілі бір тізбесін ұсынуы тиіс;

7) Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Пайда алушының банктік деректемелерін көрсете отырып, Залал мөлшерін есептеу;

8) кепіл, кепілге салу, кепілдік, кепілгерлік шарттарының және Кредиттік шарт бойынша қамтамасыз ету болып табылатын өзге де шарттардың көшірмесі (бар болса);

9) талап арыздың көшірмесі (бар болса);

10) Пайда алушының талап арызы бойынша азаматтық іс қозғау туралы, Сақтанушыдан Кредиттік шарт бойынша берешек сомасын (бар болса) өндіріп алу туралы соттың ұйғарымы;

11) Сақтанушының Кредиттік шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу туралы сот шешімінің түпнұсқасы (бар болса);

12) Залалдың себебі мен көлемін растайтын өзге де құжаттар.

15-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

55. Сақтанушыдан немесе Пайда алушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін сақтандырушы мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алу фактісі мен себептерін анықтайды;

2) сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің дұрыстығын тексереді;

3) сарапшыларды, бағалаушыларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;

4) Сақтандырушы шартында белгіленген күту кезеңі ішінде сақтанушымен бірлесіп немесе егер мұндайлар мүмкін болса, шығынды барынша азайту жөнінде дербес шаралар қабылдайды;

5) оқиға сақтандыру жағдайы болып танылған кезде сақтандыру төлемінің көлемін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

56. Сақтандыру төлемін сақтандырушы осы Қағидалардың 15-тарауында көрсетілген сақтанушы ұсынған құжаттар негізінде Сақтандыру шартында айқындалған күту кезеңі өткеннен кейін жүзеге асырады.

57. Сақтандыру төлемін сақтандырушы сақтандыру оқиғаларының әрбір түрі үшін айқындалған Шартсыз франшизаны шегере отырып, сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Пайда алушы шеккен шығын мөлшерінде сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырады.

Сақтандыру сомасы шегіндегі Сақтандыру төлемі = Залал - Шартсыз франшиза.

58. Залал Кредиттік шарт бойынша Негізгі борыш сомасынан аспайтын мөлшерде айқындалады.

59. Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі Сақтандыру шартымен айқындалады.

60. Егер Кредиттік шарттың сомасы шетел валютасында белгіленген болса, онда сақтандыру төлемі, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру оқиғасы туралы хабарлама жасалған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген кредиттік шарттың валютасына теңге бағамы бойынша жүзеге асырылады.

61. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін Пайда алушы сақтандырушымен төленетін сақтандыру төлемі мөлшерінде талап ету құқығын беру туралы шарт жасасуға тиіс.

62. Егер Пайда алушы үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша өтем алған болса, Сақтандырушы Шартсыз франшизаны ескере отырып, келтірілген залал мөлшері мен Пайда алушы алған өтем арасындағы айырма көлемінде Сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

63. Үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша төлем немесе өтем алған Пайда алушы сақтандырушыға сақтандыру төлемінің артық алынған сомасын қайтаруға міндетті.

64. Тараптар арасында залалдың себептері мен көлемі туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

65. Пайда алушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты көлемде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығындар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайды. Егер шығыстар Пайда алушының сақтандырушын нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қарамастан, толық көлемде өтеледі.

66. Сақтандырушы Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

67. Шығынның себебін барабар айқындау мүмкін болмаған жағдайда, осы шығын коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғасы салдарынан туындаған ретінде қаралады.

16-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

68. Сақтандырушы Сақтанушыдан немесе Пайда алушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап күту кезеңін мынадай тәртіппен белгілейді:

1) банкроттық басталған кезде - қолданылмайды;

2) банкроттықтан басқа, сақтандыру оқиғасы басталған кезде - 60 (алпыс) күнтізбелік күнге дейін.

69. Егер Сақтандырушы Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол

бас тарту себебін негіздейді.

70. Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін күту кезеңі аяқталған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды.

71. Сақтандыру төлемі Пайда алушыға сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

72. Егер шетелдік контрагент елінің, Кредиттік ұйым елінің немесе Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының қызметіне байланысты қылмыстық іс қозғаса, сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеп-тексеру немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін, Пайда алушыны кідірту себептері туралы жазбаша хабардар ете отырып, кейінге қалдыруға құқылы.

73. Егер сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе шығын мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына уәжді күмән болған жағдайда, мұндай құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы.

17-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

74. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыруды қорғаудың бүкіл қолданылу кезеңі бойы жалғасады. Бұл ретте Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады. Сақтандыру төлемі Сақтандыру сомасының толық көлемінде жүзеге асырылған кезде Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

75. Шарт тараптары жеке келісім жасау арқылы Шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда тараптар сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

76. Сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі қолданылуы тоқтатылған жағдайда;

2) Сақтандыру жағдайының орын алу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелі Сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енген жағдайда;

Қағидалардың 76-тармағының 4) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)

4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімін кешіктірген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуі;

5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген жайттар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, алайда 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, екінші тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартының тоқтатылу фактісін жеткілікті құжаттамалық растау болып табылады, ал Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне құқылы.

77. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кесірінен талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға төлеген Сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

18-тарау. Суброгация

78. Сақтандыру төлемін төлеген сақтандырушыға төленген сома шегінде талап ету құқығы өтеді, оған сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болады.

79. Пайда алушы сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді кідіртпей беруге және сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

80. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша шығындарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтемдер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушыға тиесілі болады. Пайда алушы осы өтеулер туралы сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде сақтандырушыға аударуға міндетті.

81. Егер Пайда алушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе сақтанушының кесірінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

19-тарау. Қосымша шарттар

82. Тараптардың келісімі бойынша осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмесе, қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

20-тарау. Дауларды шешу тәртібі

83. Сақтандыру шартының тараптары арасында туындайтын сақтандыру шарты бойынша даулар келіссөздер арқылы қаралады.

84. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау сақтандыру шартында айқындалған тәртіппен шешіледі.